

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ТРАНСПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ _____

2023 жылғы 8 қыркүйектегі
№ 10-11-885-1/2543//11-12/2422дз/ДС-188 сауалға

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты М.З. Ескендіровке

Құрметті Мұқаш Зұлқарнайұлы!

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Жамбыл облысының автомобиль жолдарына қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Жамбыл облысы, Жуалы ауданының Бауыржан Момышұлы ауылындағы теміржол астымен өтетін өткелді кеңейтіп, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты:

Жамбыл облысы, Жуалы ауданының Бауыржан Момышұлы ауылындағы теміржол астымен өтетін өткел «Қазақстан Темір Жолы»ҰК» АҚ-ның теңгеріміне су өткізгіш құбыр ретінде тіркелген.

Осыған орай, аталған өткелге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу аясында автокөліктерді сиятындай етіп кеңейту меншік иесі «Қазақстан Темір Жолы»ҰК» АҚ-ның құзыретіне жатады.

Жамбыл облысы, Жуалы ауданының тұсындағы «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» транзиттік дәлізіне қосылатын елді мекендердің жолдарына қатысты:

Жамбыл облысында «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» транзиттік дәлізінің құрылысын жобалау барысында барлық ауылдық әкімдіктер мен халық арасында бірнеше рет қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, ұсыныстар мен өтініштерді ескере келе, тиісті құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Транзиттік дәліз халықаралық стандарттарға сай және ең жоғары жылдамдығы 110 км/сағ болатын I техникалық санаттағы автожол болып табылады.

Осы «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автожолының 576+600, 577+800, 581+500 шақырымдарында Жуалы ауданы Бауыржан Момышұлы ауылына кіруге және шығуға бұрылыстар қаралған және 575+100, 576+100 шақырымдарында екі жерден тежеу және жеделдету жолақтарымен бұрылу алаңдары орнатылған.

Сонымен қатар, автожолдың 576 шақырымында (Бауыржан Момышұлы және Ақбастау ауылдарынан шыға берісте) жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаяу жүргіншілерге арналған жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі орнатылған.

Жуалы ауданы арқылы өтетін «Тараз-Шымкент» ақылы жол учаскесінің 561, 583, 554, 593 шақырымдарында Жамбыл облысы Полиция департаментінің бастамасымен қозғалыстың белгіленген жылдамдығынан асып кетуді тіркейтін фотобейнебақылау камералары орнатылған (*«Автоураган» АПК 561, 583 шақырым, «ZEREK-2» 554, 593 шақырым*).

Сонымен бірге, автожолдың 13 учаскесінде (*Жуалы ауданы аумағы бойынша*) Жамбыл облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының нұсқамасы негізінде жол пайдаланушылардың назарына 3.24 «Максималды жылдамдық шегі 110 км/сағ» және 7.4.3 «Көлік түрі» жол белгілері орнатылған.

Бүгінгі күні еліміздің барлық өңірлерінде автожолдарды реконструкциялау және жөндеу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын ескере келе және бюджет қаражатының шектелуіне байланысты, барлық жобаларды бір мезгілде іске асыру мүмкін емес.

Осыған байланысты, автожолдың учаскелерінде екі деңгейлі жол айрығын салу мәселесі басталған жобалар аяқталғаннан кейін қаралатын болады.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін атқарушы

С. Аблалиев

✉ Ж.Калекеев

☎ 75-46-39

email: zh.kalekeev@miid.gov.kz



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 10-с 2023 ж. 16 қазан

Астана қаласы

город Астана

**Иссапар және Министрдің
міндеттерін атқаруды жүктеу туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.А. Смайловтың қызметтік сапарына қатысу үшін,
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023 жылғы 17 қазанда 1 күндік мерзімге (жолды есепке алғанда) Түркістан облысына қызметтік іссапарға жүремін.
2. Қаржы және корпоративтік басқару департаменті белгіленген тәртіппен «Астана – Түркістан – Астана» бағыты бойынша әуе көлігімен жол жүру және 1 күн тәулікақы шығыстарын төлесін.
3. Иссапар кезеңінде Министрдің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Көлік вице-министрі Сәтжан Әйтенұлы Аблалиевке жүктелсін.

Министрдің
міндетін атқарушы



М. Қалиақпаров